



«Ақтөбе облысының
білім басқармасы
Қарғалы ауданының
білім бөлімі» ММ

ГУ «Отдел образования
Каргалинского района
Управления образования
Актюбинской области»

030500, Бадамша ауылы
Цибульчик көшесі №2
телефон: 8-71-342-23-8-18
kroo_bad@mail.ru

030500, село Бадамша
ул. Цибульчика №2
телефон: 8-71-342-23-8-18
kroo_bad@mail.ru

Бадамша ауылы

№ 397 БҰЙРЫҚ

23 қыркүйек 2025 жыл

**Білім беру ұйымдарында,
заңсыз ақша қаражаттарын
жинауға тыйым салу туралы**

«Білім туралы» Заңының 63-бабына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіті туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының басшылары:
 - 1.1. Білім беру ұйымдарында педагогтер мен ата-аналар арасында қаражат жинауға тыйым салынсын;
 - 1.2. Қаржат жинауды болдырмау туралы педагогтер мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары күшейтілсін;
 - 1.3. Білім беру ұйымдарына педагог кадрларды қабылдау кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берілмесін;
 - 1.4. Электрондық қолтаңбаны пайдалану және оларға қол жеткізу құқығына қатысты сақтық шараларын алу мақсатында электрондық қолтаңбасы орналасқан құрылғыны өзге қызметкердің қолдауына беруге қатаң тыйым салынсын;
 - 1.5. Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық және қылмысқа жол берген барлық айғақтардың алдын алуы бойынша тиісті деңгейде шаралар қабылданын.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің бас маманы Д.Сарсенбинаға жүктелсін.

Бөлім басшысы



Ж.Дуйсенова